

1997 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Техникалық ынтымақтастық туралы келісім шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасында техникалық көмек көрсету жөніндегі ноталар алмасу нысанындағы жобалық келісімдерге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 тамыздағы N 847 қаулысы

1997 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Техникалық ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы техникалық көмек көрсету жөніндегі ноталар алмасу нысанындағы жобалық келісімдер (бұдан әрі - жобалық келісімдер) жобалары мақұлданын:

1) "Таңдап алынған өңірлердегі экономикалық дамуға көмек көрсетудің модельдік құрылымдарын жасау";

2) "Зерттеулер және мамандар қоры".

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев жоғарыда көрсетілген ноталар алмасу нысанындағы жобалық келісімдерге қол қойсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 22 тамыздағы
N 847 қаулысымен
мақұлданды

Германия Федеративтік

Республикасының Елшісі

Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі мырза,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 26 қарашадағы Техникалық ынтымақтастық туралы келісімді орындау үшін және Германия Федеративтік Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасындағы 2000/2001 жылдары дамуға көмек көрсету саласындағы

екі жақты ынтымақтастық туралы 2000 жылғы 28 қыркүйектегі үкімет келіссөздері нәтижелері хаттамасының 1.2-тармағының 2-тармақшасына сілтеме жасай отырып, Сізге Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің атынан "Таңдап алынған өңірлердегі экономикалық дамуға көмек көрсетудің модельдік құрылымдарын жасау" жобасын (жобаның бұрынғы атауы: "Істі жаңа бастаған кәсіпкерлер мен шағын және орта кәсіпорындарға көмектесу") жалғастыру туралы төмендегі уағдаластықты ұсынуды өзіме құрмет санаймын:

1. Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі "Таңдап алынған өңірлердегі экономикалық дамуға көмек көрсетудің модельдік құрылымдарын жасау" жобасын жалғастыруды бірлесіп қолдайтын болады.

2. Жобаның мақсаты - қазақстанның таңдап алынған аймақтарында (Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай облыстары) істі жаңа бастаған кәсіпкерлердің, сондай-ақ шағын және орта кәсіпорындардың ойдағыдай дербес-экономикалық қызметпен айналысуы үшін жағдайды жақсарту.

Ж о ғ а р ы М ә р т е б е л і
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р і
Қ а с ы м ж о м а р т Т о қ а е в м ы р з а ға

Астана қаласы

3. Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің осы жоба шеңберіндегі міндеттемелері:

О л

а) м ы н а л а р д ы :

- 44 адам - айға дейін мерзіммен шағын және орта кәсіпорындарға жәрдемдесу жөнінде үш маманды;

- қаржыландыру, өнім әзірлеу, кәсіпкерлік бірлестіктерді дамыту және біліктілікті арттыру сияқты шағын және орта кәсіпорындарға қолдау көрсетудің арнайы салалары бойынша 16 адам - айға дейін жалпы мерзіммен қысқа кезеңдерге сарапшыларды;

- қажет болған жағдайда Герман техникалық ынтымақтастық қоғамының (ГТЦ) жас кадрларға көмектесудің жеке қаржыландырылатын бағдарламасы шеңберінде жобаны іске асыру үшін жұмыс істейтін және жоба бойынша арнайы тапсырмалар орындайтын жоба ассистенттерін және/немесе тәлімгерлерін өздері үйренуі және біліктілігін арттыруы мақсатымен іссапарға жіберіп тұрады;

б) ж е р г і л і к т і ж е р л е р д е

- 18 адам-айға дейін жалпы мерзіммен ұзақ кезеңге үйлестіруші ретінде бір маман;

- 414 адам-айға дейін жалпы мерзіммен мамандар мен техникалық қызметшілер;

- 40 адам-айға дейін жалпы мерзіммен қысқа кезеңдерге жергілікті мамандарды

б е р е д і ;

в) атап айтқанда, үш жобалау бюросын жаңғырту және қосымша жарақтандыру үшін жалпы құны 120.000 (жазбаша: жүз жиырма мың) неміс маркасына дейін тиісінше 61.355,03 (жазбаша: алпыс бір мың үш жүз елу бес евро және үш цент) евроға дейін болатын керек-жарақ заттар (офистік жабдық, деректерді электрондық жолмен өңдеуге арналған аппаратура) жеткізіп береді;

г) м ы н а л а р д ы :

- іссапарға жіберілген мамандардың еңбекақысын төлеу;
- іссапарға жіберілген мамандарды және олардың отбасы мүшелерін орналастыру;
- "в" тармақшасында көрсетілген материалдарды сатып алу;
- іссапарға жіберілген және жергілікті жерлерде тартылған мамандардың Қазақстан Республикасындағы және одан тысқары жерлердегі қызметтік сапарлары;
- жоба іске асырылатын жерге дейін осы тармақтың "с" тармақшасына сәйкес жеткізіп берілетін керек-жарақ заттарды тасымалдау және сақтандыру;
- жәрмеңкелерге бару (ішінара қаржыландыру), жұртшылықпен жұмыс істеу, жергілікті жерлерде арнайы тақырыптар бойынша зерттеулер жүргізу, герман салымын басқару, іссапарға жіберілгендер және жергілікті жерлерде тартылған мамандар пайдаланатын қызметтік көлік құралдарын пайдалану және күтіп ұстау жөніндегі шығындарды өз мойнына алады;

д) әріптес-мамандардың, сондай-ақ істі жаңа бастаған, шағын және орта кәсіпкерлердің, оның ішінде қайтып келгеннен кейін жобаға қатыстырылатын және іссапарға жіберілген мамандардың міндеттерін орындауды одан әрі өздігінен жалғастыратын олардың қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шараларды ж о б а д а н т ы с жү р г і з у г е д а й ы н .

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы жоба шеңберіндегі міндеттемелері:

О л

а) м ы н а л а р д ы :

- жоба іске асырылатын жергілікті жерлерде байланыс жасап тұратын әріптестер, сондай-ақ қажетті қызметшілер;
- жобаны басқару жөніндегі комитеттің төрағасын;
- Германия Федеративтік Республикасы шығындарын өзі көтермейтін болса, қажетті жер телімдерін, ғимараттар, үй-жайлар мен офистер;
- мамандар даярлау және олардың біліктігін арттыру жөніндегі іс-шараларға қатысу үшін алатын айлықақыларын сақтай отырып, олардың жұмыс орындары (лауазымдары) сақталып, қызметтік міндеттерін орындаудан босатылатын қызметкерлер береді.

б) м ы н а л а р д ы :

- Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі жобаның ағымдағы шығындарын мойнына алмаған жағдайда оларды;
- істі жаңа бастаған, шағын және орта кәсіпкерлерге бірқалыпты және ойдағыдай экономикалық қызмет атқаруға мүмкіндік беретін жағдайларды;

- жобаны іске асыру үшін басқа да маңызды мекемелермен және басқа өзге донорлармен жобалау жұмыстарын үйлестіруді қамтамасыз етеді;

в) іссапарға жіберілген мамандарға оларға жүктелген міндеттерді жүзеге асыру кезінде барынша қолдау көрсетеді және олардың қарауына барлық қажетті құжаттаманы береді;

г) жобаны толассыз жүзеге асыру мақсатында дербес сараланған бюджеттік жоспарлауды қамтамасыз етеді.

5. Іссапарға жіберілген мамандар қазақстандық әріптес-мамандарға консультациялар береді және оларға:

а) істі жаңа бастаған кәсіпкерлер, сондай-ақ шағын және орта кәсіпорындар үшін қажет жағдайларды реформалау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

б) істі жаңа бастаған кәсіпкерлерге, сондай-ақ шағын және орта кәсіпорындарға жәрдем берудің неғұрлым тиімді саясатын жүргізу жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысу;

в) жоба іске асырылатын жерлерде бірлестіктер және басқа да жеке экономикалық ұйымдар шағын және орта кәсіпорындарға қызмет көрсету жөнінде шаралар әзірлеуі кезінде оларға қолдау көрсету;

г) бизнес-консультанттар мен істі жаңадан бастағандардың, шағын және орта кәсіпкерлердің, сондай-ақ олардың қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;

д) істі жаңадан бастаған кәсіпкерлерге, сондай-ақ шағын және орта кәсіпорындарға бастапқы кезеңде консультациялар беру;

е) шағын және орта кәсіпорындарға бастапқы капиталға және кредитке қол жеткізуін қамтамасыз ету міндеттерін шешу кезінде оларға жәрдем береді.

6. Орындаушы-ұйымдарды тағайындау:

а) Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі өзінің міндеттемелерін орындауды Герман техникалық ынтымақтастық қоғамына (ГТЦ, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, Эшборн қаласы) тапсырады;

б) Қазақстан Республикасының Үкіметі жобаны жүзеге асыруды Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне (Астана қаласы), сондай-ақ уәкілетті орган ретінде Индустрия және сауда министрлігіне тапсырады. Уәкілетті мекеме жекелеген компоненттердің ерекшелігіне байланысты көпжақты әріптес құрылымдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады. Оңтүстік Қазақстан, Павлодар және Қостанай облыстарының қалалық және облыстық әкімшіліктері басты әріптестер болып табылады;

в) осы тармақтың "а" және "б" тармақшаларына сәйкес уәкілетті орындаушылар жобаны жүзеге асырудың егжей-тегжейін бірлесе отырып жедел түрде немесе басқа бір ыңғайлы жолмен анықтайды және қажет болған жағдайда, оларды оны жүзеге асыру барысымен үйлестіреді.

7. Жоба орындалмаған немесе тек ішінара орындалған жағдайда ол, екі Үкіметтің

арасындағы келісім бойынша, басқа жобамен ауыстырылуы мүмкін.

8. Қалған тұсында жоғарыда аталған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 26 қарашадағы Техникалық ынтымақтастық туралы келісімнің ережелері қолданылады.

9. Осы Келісім неміс, қазақ және орыс тілдерінде жасалады, барлық мәтіндердің де күші бірдей. Осы келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтінге басымдық беріледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1-9-тармақтарда көрсетілген ұсыныстармен өзінің келісетінін мәлімдеген жағдайда, осы нота және Сіздің Үкіметіңіздің келісімін білдіретін Жоғары Мәртебелі сіздің жауап нотаңыз біздің Үкіметтеріміздің арасындағы Келісім болып табылады, ол Сіздің жауап нотаңыз алынған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі мырза, менің Сізге деген аса жоғары құрмет сезімді қабыл алыңыз.

(*Андреас Кертинг*)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Сыртқы істер министрі

Астана қаласы

Жоғары Мәртебелім,

Сіздің _____ жылғы _____ N ____ нотаңызды алғанымды хабарлау құрметіне иемін, оның мәтіні төменде келтіріліп отыр:

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі мырза,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 26 қарашадағы Техникалық ынтымақтастық туралы келісімді орындау үшін және Германия Федеративтік Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасындағы 2000/2001 жылдары дамуға көмек көрсету саласындағы екі жақты ынтымақтастық туралы 2000 жылғы 28 қыркүйектегі үкімет келіссөздері нәтижелері хаттамасының 1.2-тармағының 2-тармақшасына сілтеме жасай отырып, Сізге Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің атынан "Таңдап алынған өңірлердегі экономикалық дамуға көмек көрсетудің модельдік құрылымдарын жасау" жобасын (жобаның бұрынғы атауы: "Істі жаңа бастаған кәсіпкерлер мен шағын және орта кәсіпорындарға көмектесу") жалғастыру туралы төмендегі уағдаластықты ұсынууды өзіме құрмет санаймын:

1. Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі "Таңдап алынған өңірлердегі экономикалық дамуға көмек көрсетудің модельдік құрылымдарын жасау" жобасын жалғастыруды бірлесіп қ о л д а й т ы н б о л а д ы .

2. Жобаның мақсаты - Қазақстанның таңдап алынған аймақтарында (Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай облыстары) істі жаңа бастаған кәсіпкерлердің, сондай-ақ шағын және орта кәсіпорындардың ойдағыдай дербес-экономикалық

қызметпен айналысуы үшін жағдайды жақсарту.

3. Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің осы жоба шеңберіндегі міндеттемелері:

О л

а) м ы н а л а р д ы :

- 44 адам-айға дейін мерзіммен шағын және орта кәсіпорындарға жәрдемдесу жөнiнде үш маманды;

- қаржыландыру, өнім әзірлеу, кәсіпкерлік бірлестіктерді дамыту және біліктілікті арттыру сияқты шағын және орта кәсіпорындарға қолдау көрсетудің арнайы салалары бойынша 16 адам - айға дейін жалпы мерзіммен қысқа кезеңдерге сарапшыларды;

- қажет болған жағдайда Герман техникалық ынтымақтастық қоғамының (ГТИЦ) жас кадрларға көмектесудің жеке қаржыландырылатын бағдарламасы шеңберінде жобаны іске асыру үшін жұмыс істейтін және жоба бойынша арнайы тапсырмалар орындайтын жоба ассистенттерін және/немесе тәлімгерлерін өздері үйренуі және біліктілігін арттыруы мақсатымен іссапарға жіберіп тұрады;

б) ж е р г і л і к т і ж е р л е р д е

- 18 адам-айға дейін жалпы мерзіммен ұзақ кезеңге үйлестіруші ретінде бір маман;

- 414 адам-айға дейін жалпы мерзіммен мамандар мен техникалық қызметшілер;

- 40 адам-айға дейін жалпы мерзіммен қысқа кезеңдерге жергілікті мамандарды

б е р е д і .

в) атап айтқанда, үш жобалау бюросын жаңғырту және қосымша жарақтандыру үшін жалпы құны 120.000 (жазбаша: жүз жиырма мың) неміс маркасына дейін тиісінше 61.355,03 (жазбаша: алпыс бір мың үш жүз елу бес евро және үш цент) евроға дейін болатын керек-жарақ заттар (офистік жабдық, деректерді электрондық жолмен өңдеуге арналған аппаратура) жеткізіп береді;

г) м ы н а л а р д ы :

- іссапарға жіберілген мамандардың еңбекақысын төлеу;

- іссапарға жіберілген мамандарды және олардың отбасы мүшелерін орналастыру;

- "в" тармақшасында көрсетілген материалдарды сатып алу;

- іссапарға жіберілген және жергілікті жерлерде тартылған мамандардың Қазақстан Республикасындағы және одан тысқары жерлердегі қызметтік сапарлары;

- жоба іске асырылатын жерге дейін осы тармақтың "с" тармақшасына сәйкес жеткізіп берілетін керек-жарақ заттарды тасымалдау және сақтандыру;

- жәрмеңкелерге бару (ішінара қаржыландыру), жұртшылықпен жұмыс істеу, жергілікті жерлерде арнайы тақырыптар бойынша зерттеулер жүргізу, герман салымын басқару, іссапарға жіберілгендер және жергілікті жерлерде тартылған мамандар пайдаланатын қызметтік көлік қиялдарын пайдалану және күтіп ұстау жөніндегі шығындарды өз мойнына алады;

д) әріптес-мамандардың, сондай-ақ істі жаңа бастаған, шағын және орта

д) істі жаңадан бастаған кәсіпкерлерге, сондай-ақ шағын және орта кәсіпорындарға бастапқы кезеңде консультациялар беру;

е) шағын және орта кәсіпорындарға бастапқы капиталға және кредитке қол жеткізуін қамтамасыз ету міндеттерін шешу кезінде оларға жәрдем береді.

6. Орындаушы-ұйымдарды тағайындау:

а) Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі өзінің міндеттемелерін орындауды Герман техникалық ынтымақтастық қоғамына (ГТЦ, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, Эшборн қаласы) тапсырады;

б) Қазақстан Республикасының Үкіметі жобаны жүзеге асыруды Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне (Астана қаласы), сондай-ақ уәкілетті орган ретінде Индустрия және сауда министрлігіне тапсырады. Уәкілетті мекеме жекелеген компоненттердің ерекшелігіне байланысты көпжақты әріптес құрылымдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады. Оңтүстік Қазақстан, Павлодар және Қостанай облыстарының қалалық және облыстық әкімшіліктері басты әріптестер болып табылады;

в) осы тармақтың "а" және "б" тармақшаларына сәйкес уәкілетті орындаушылар жобаны жүзеге асырудың егжей-тегжейін бірлесе отырып жедел түрде немесе басқа бір ыңғайлы жолмен анықтайды және қажет болған жағдайда, оларды оны жүзеге асыру б а р ы с ы м е н ү й л е с т і р е д і .

7. Жоба орындалмаған немесе тек ішінара орындалған жағдайда ол, екі Үкіметтің арасындағы келісім бойынша, басқа жобамен ауыстырылуы мүмкін.

8. Қалған тұсында жоғарыда аталған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 26 қарашадағы Техникалық ынтымақтастық туралы келісімнің ережелері қолданылады.

9. Осы Келісім неміс, қазақ және орыс тілдерінде жасалады, барлық мәтіндердің де күші бірдей. Осы келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтінге басымдық беріледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1-9-тармақтарда көрсетілген ұсыныстармен өзінің келісетінін мәлімдеген жағдайда, осы нота және Сіздің Үкіметіңіздің келісімін білдіретін Жоғары Мәртебелі сіздің жауап нотаңыз біздің Үкіметтеріміздің арасындағы Келісім болып табылады, ол Сіздің жауап нотаңыз алынған күннен бастап күшіне енеді .

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі мырза, менің Сізге деген аса жоғары құрмет сезімімді қабыл алыңыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің ұсынысымен келісетінін және Жоғары Мәртебелі Сіздің нотаңыз бен осы нотаның екі мемлекет үкіметтерінің арасындағы Келісім болып табылатынын, ол осы нота алынған күннен бастап күшіне енетінін хабарлау құрметіне иемін.

Жоғары Мәртебелім, менің жоғары құрмет сезімімді қабыл алыңыз.

Қ. Тоқаев

Жоба

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 22 тамыздағы
N 847 қаулысымен
мақұлданды

Германия Федеративтік

Республикасының Елшісі Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі мырза,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 26 қарашадағы Техникалық ынтымақтастық туралы келісімді, сондай ақ 2000 жылғы 28 қыркүйектегі 2000/2001 жылдары Германия Федеративтік Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасындағы дамуға көмек көрсету саласындағы екі жақты ынтымақтастық туралы үкіметаралық келіссөздер нәтижелері хаттамасының 1.2 және 1.3-тармақтарын орындау үшін Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің атынан Сізге Зерттеулер мен мамандар қорын құру туралы мына төмендегі уағдаластықты ұсынуды өзіме құрмет санаймын.

1. Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі Зерттеулер мен мамандар қорын құруға келісті. Шеңберінде мамандар жіберу, зерттеулер жүргізу, сондай-ақ кадрлар даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралар қаржыландырылуы мүмкін осы қор үшін Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі 3.350.000 (жазбаша: үш миллион үш жүз елу мың) неміс маркасы мөлшерінде қаржы бөледі, бұл 1.712.827,80 еуроға (жазбаша: бір миллион жеті жүз он екі мың сегіз жүз жиырма жеті еуро және сексен цент) тең.

2. Мамандар жіберу сараптамалар және зерттеулер жүргізу, сондай-ақ оқыту және біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралар техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыруды, сондай-ақ екі жақты ынтымақтастық жобаларын анықтауды және әзірлеуді мақсат етеді.

Жоғары Мәртебелі
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі
Қасымжомарт Тоқаев мырзаға

Астана қаласы

3. Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің осы жоба шеңберіндегі міндеттемелері:

О л

а) ғылыми зерттеулер жүргізеді;

б) негізінен қысқа мерзімдерге мамандарды іссапарға жіберіп отырады және оларды

орналастыру мен тамақтандыру жөніндегі, сондай-ақ алға қойылған міндеттер шеңберінде іссапарлар жасау үшін қажет шығындарды көтереді;

в) егер бұл "а" тармақшасында аталған зерттеулерді жүргізу үшін немесе мамандардың "б" тармақшасында аталған міндеттерін орындау үшін қажет болса, СІҒ талаптарына сәйкес жоба жүзеге асырылатын жерге шектеулі көлемде техникалық жабдық пен қосымша құралдар жеткізіп береді;

г) жобаларды дайындау мақсатында немесе аса қажет болған жағдайда мамандарды оқыту және біліктілігін арттыру жөніндегі шараларды қаржыландыруға дайын.

Осы қордың шеңберінде Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша жеткізілген материалдар Қазақстан Республикасына келгеннен кейін Қазақстан Республикасының меншігіне көшеді. Бұл материалдар қолдау көрсетіліп отырған жобалар мен іссапарға жіберілген мамандардың иелігіне олар өз міндеттерін орындауы үшін әлдеқандай шектеусіз беріледі.

4. Осы жоба шеңберіндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндеттемелері:

О л

а) іссапарға жіберілген мамандарға олардың өздеріне жүктелген міндеттерін орындауы кезінде барынша қолдау көрсетеді және олардың қарамағына барлық қажетті құжаттамалар мен басқа да қосалқы құралдарды береді;

б) 3-тармақтың "а" тармақшасында аталған зерттеулерді жүргізуге байланысты және 3-тармақтың "б" тармақшасында аталған мамандарды пайдалануға байланысты, сондай-ақ кадрларды оқыту және біліктілігін арттыру жөніндегі шараларға байланысты Германия Федеративтік Республикасының Алматы қаласындағы Елшілігі арқылы Германия Федеративтік Республикасының Федеральдық экономикалық ынтымақтастық және даму министрлігіне өтініш - тілектерді жібереді. Өтініш - тілектер міндеттер мен күтілетін нақты нәтижелердің егжей-тегжей сипаттамасын қамтуға тиіс;

в) Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша жобаны жүзеге асыру үшін 3-тармақтың "в" тармақшасына сәйкес жеткізілетін материалдарды лицензиялық, импорттық, экспорттық және өзге де мемлекеттік алымдардан, сондай-ақ оларды қоймаларда сақтауға жұмсалатын шығындардан босатады және материалдардың кеденнен дереу өтуін қамтамасыз етеді.

5. Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі өз тарапынан осы уағдаластық шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне 3-тармақтың "а" тармақшасында аталған зерттеулерді жүргізуге байланысты және 3-тармақтың "б" тармақшасында аталған мамандарды пайдалануға байланысты, сондай-ақ кадрларды оқыту және біліктілігін арттыру жөніндегі шараларға байланысты Германия Федеративтік Республикасының Алматы қаласындағы Елшілігі арқылы ұсыныстар жолдай алады.

6 . М ы н а л а р :

а) 3-тармақтың "а" тармақшасында аталған зерттеулер аяқталғаннан кейін олар дереу Германия Федеративтік Республикасының Алматы қаласындағы Елшілігі арқылы

Қазақстан Республикасының Үкіметіне жіберілетін болады;

б) 3-тармақтың "б" тармақшасында аталған мамандар өздерінің жұмысын аяқтағаннан кейін, екі үкіметке де жазбаша есеп береді. Бұл орайда олар өз жұмыстарынан буындаған ұсыныстарын бере алады.

7. Орындаушы ұйымдарды тағайындау:

а) Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі өзінің міндеттемелерін орындауды Герман техникалық ынтымақтастық қоғамына (ГТЦ, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, Эшборн қаласы) тапсырады;

б) Қазақстан Республикасының Үкіметі Зерттеулер мен мамандар қорын басқаруды Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне тапсырады, ол жекелеген іс-шараларды өткізуге жауапты орындаушы ұйымдарды тағайындайды;

в) Осы тармақтың "а" және "б" тармақшаларына сәйкес уәкілеттік берілген орындаушылар бірлесе отырып, жобаны жүзеге асырудың егжей-тегжейін жедел түрде немесе басқа бір ыңғайлы нысанда анықтай алады және қажет болған жағдайда, оларды оны жүзеге асыру барысымен үйлестіреді.

8. Осы Келісім неміс, қазақ және орыс тілдерінде жасалады, барлық мәтіндердің де күші бірдей. Осы келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтінге басымдық беріледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1-8-тармақтарда көрсетілген ұсыныстармен өзінің келісетінін мәлімдеген жағдайда, осы нота және Сіздің Үкіметіңіздің келісімін білдіретін Жоғары Мәртебелі Сіздің жауап нотаңыз біздің Үкіметтеріміздің арасындағы Келісім болып табылады, ол Сіздің жауап нотаңыз алынған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі мырза, менің Сізге деген аса жоғары құрмет сезімімді қабыл алыңыз.

(Андреас Кертинг)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Сыртқы істер министрі Астана қаласы

Жоғары Мәртебелім,

Сіздің _____ жылғы _____ N _____ нотаңызды алғанымды хабарлау құрметіне иемін, оның мәтіні төменде келтіріліп отыр:

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі мырза,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 26 қарашадағы Техникалық ынтымақтастық туралы келісімді, сондай ақ 2000 жылғы 28 қыркүйектегі 2000/2001 жылдары Германия Федеративтік Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасындағы дамуға көмек көрсету саласындағы екі жақты ынтымақтастық туралы үкіметаралық келіссөздер нәтижелері хаттамасының 1.2 және 1.3-тармақтарын орындау үшін Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің атынан Сізге Зерттеулер мен

мамандар қорын құру туралы мына төмендегі уағдаластықты ұсынуды өзіме құрмет санаймын .

1. Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі Зерттеулер мен мамандар қорын құруға келісті. Шеңберінде мамандар жіберу, зерттеулер жүргізу, сондай-ақ кадрлар даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралар қаржыландырылуы мүмкін осы қор үшін Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі 3.350.000 (жазбаша: үш миллион үш жүз елу мың) неміс маркасы мөлшерінде қаржы бөледі, бұл 1.712.827,80 еуроға (жазбаша: бір миллион жеті жүз он екі мың сегіз жүз жиырма жеті еуро және сексен цент) тең.

2. Мамандар жіберу, сараптамалар және зерттеулер жүргізу, сондай-ақ оқыту және біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралар техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыруды, сондай-ақ екі жақты ынтымақтастық жобаларын анықтауды және әзірлеуді мақсат етеді .

3. Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің осы жоба шегіндегі міндеттемелері :

- О л
- а) ғылыми зерттеулер жүргізеді;
- б) негізінен қысқа мерзімдерге мамандарды іссапарға жіберіп отырады және оларды орналастыру мен тамақтандыру жөніндегі, сондай-ақ алға қойылған міндеттер шеңберінде іссапарлар жасау үшін қажет шығындарды көтереді;
- в) егер бұл "а" тармақшасында аталған зерттеулерді жүргізу үшін немесе мамандардың "б" тармақшасында аталған міндеттерін орындау үшін қажет болса, CIF талаптарына сәйкес жоба жүзеге асырылатын жерге шектеулі көлемде техникалық жабдық пен қосымша құралдар жеткізіп береді;
- г) жобаларды дайындау мақсатында немесе аса қажет болған жағдайда мамандарды оқыту және біліктілігін арттыру жөніндегі шараларды қаржыландыруға дайын.

Осы қордың шеңберінде Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша жеткізілген материалдар Қазақстан Республикасына келгеннен кейін Қазақстан Республикасының меншігіне көшеді. Бұл материалдар қолдау көрсетіліп отырған жобалар мен іссапарға жіберілген мамандардың иелігіне олар өз міндеттерін орындауы үшін әлдеқандай шектеусіз беріледі.

4. Осы жоба шеңберіндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндеттемелері:

- О л
- а) іссапарға жіберілген мамандарға олардың өздеріне жүктелген міндеттерін орындауы кезінде барынша қолдау көрсетеді және олардың қарамағына барлық қажетті құжаттамалар мен басқа да қосалқы құралдарды береді;
- б) 3-тармақтың "а" тармақшасында аталған зерттеулерді жүргізуге байланысты және 3-тармақтың "б" тармақшасында аталған мамандарды пайдалануға байланысты, сондай-ақ кадрларды оқыту және біліктілігін арттыру жөніндегі шараларға байланысты

Германия Федеративтік Республикасының Алматы қаласындағы Елшілігі арқылы Германия Федеративтік Республикасының Федеральдық экономикалық ынтымақтастық және даму министрлігіне өтініш-тілектерді жібереді. Өтініш-тілектер міндеттер мен күтілетін нақты нәтижелердің егжей-тегжей сипаттамасын қамтуға тиіс;

в) Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша жобаны жүзеге асыру үшін 3-тармақтың "в" тармақшасына сәйкес жеткізілетін материалдарды лицензиялық, импорттық, экспорттық және өзге де мемлекеттік алымдардан, сондай-ақ оларды қоймаларда сақтауға жұмсалатын шығындардан босатады және материалдардың кеденнен дереу өтуін қамтамасыз етеді.

5. Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі өз тарапынан осы уағдаластық шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне 3-тармақтың "а" тармақшасында аталған зерттеулерді жүргізуге байланысты және 3-тармақтың "б" тармақшасында аталған мамандарды пайдалануға байланысты, сондай-ақ кадрларды оқыту және біліктілігін арттыру жөніндегі шараларға байланысты Германия Федеративтік Республикасының Алматы қаласындағы Елшілігі арқылы ұсыныстар жолдай алады.

6 . М ы н а л а р :

а) 3-тармақтың "а" тармақшасында аталған зерттеулер аяқталғаннан кейін олар дереу Германия Федеративтік Республикасының Алматы қаласындағы Елшілігі арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жіберілетін болады;

б) 3-тармақтың "б" тармақшасында аталған мамандар өздерінің жұмысын аяқтағаннан кейін, екі үкіметке де жазбаша есеп береді. Бұл орайда олар өз жұмыстарынан туындаған ұсыныстарын бере алады.

7. Орындаушы ұйымдарды тағайындау:

а) Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі өзінің міндеттемелерін орындауды Герман техникалық ынтымақтастық қоғамына (ГТЦ, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, Эшборн қаласы) тапсырады;

б) Қазақстан Республикасының Үкіметі Зерттеулер мен мамандар қорын басқаруды Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне тапсырады, ол жекелеген іс-шараларды өткізуге жауапты орындаушы ұйымдарды тағайындайды;

в) Осы тармақтың "а" және "б" тармақшаларына сәйкес уәкілеттік берілген орындаушылар бірлесе отырып, жобаны жүзеге асырудың егжей-тегжейін жедел түрде немесе басқа бір ыңғайлы нысанда анықтай алады және қажет болған жағдайда, оларды оны жүзеге асыру барысымен үйлестіреді.

8. Осы Келісім неміс, қазақ және орыс тілдерінде жасалады, барлық мәтіндердің де күші бірдей. Осы келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтінге басымдық беріледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1-8-тармақтарда көрсетілген ұсыныстармен өзінің келісетінін мәлімдеген жағдайда, осы нота және Сіздің Үкіметіңіздің келісімін білдіретін Жоғары Мәртебелі Сіздің жауап нотаңыз біздің Үкіметтеріміздің

арасындағы Келісім болып табылады, ол Сіздің жауап нотаңыз алынған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі мырза, менің Сізге деген аса жоғары құрмет сезімімді қабыл алыңыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің ұсынысымен келісетінін және Жоғары Мәртебелі Сіздің нотаңыз бен осы нотаның екі мемлекет үкіметтерінің арасындағы Келісім болып табылатынын, ол осы нота алынған күннен бастап күшіне енетінін хабарлау құрметіне иемін.

Қ. Токаев